

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 сәуірдегі N 324 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне Оңтүстік Қазақстан облысындағы Сырдария өзенінде Көксарай реттеуші су қоймасының техникалық-экономикалық негіздемесін пысықтауды, жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуді қаржыландыруды қамтамасыз ету және оның құрылысын бастау үшін 2008 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға көзделген резервінен 500000000 (бес жүз миллион) теңге сомасында қаражат бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К.Мәсімов*